



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№  
12.05.2021 № 5 ге

**Тұрақты комиссияның  
2021 жылғы 12 мамырдағы  
қаулысы**

**Елордада автомобиль жолдарын  
салу, қайта құрылымдау, жөндеу  
және күтіп-ұстау жұмыстарын  
ұйымдастыру бойынша  
жергілікті атқарушы органның  
жұмысы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы елордада автомобиль жолдарын салу, қайта құрылымдау, жөндеу және күтіп-ұстау жұмыстары бойынша ұйымдастыру жергілікті атқарушы органның жұмысы туралы ақпаратты тыңдап және талқылап, төмендегіні атап өтеді.

2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласында ұзындығы 8 шақырым болатын 11 жобаны салу және реконструкциялау бойынша жұмыстар жүргізу жоспарлануда:

Мирзоян, Ақыртас, Қошқарбаев және Тәуелсіздік көшелерінің шекарасында;

Ш. Бейсекова көшесінен Тұран даңғылына дейін № 27 көше;

Тәуелсіздік даңғылы, № А 43 көшесінен Хусейн бен Талалға дейін Есіл өзені арқылы өтетін көпірдің құрылысымен;

тұрғын алаптарында жолдар мен инженерлік желілерді салу, қайта құрылымдау:

№ 27 көше, № 39 көшеден Ш. Қалдаяқов көшесіне дейін;

«Нұра-Есіл» арнасынан № 39 көшеге дейінгі № 31 көшенің учаскесінде;

Ш. Қалдаяқов көшесінен Қордай көшесіне дейін № 27 көше;

№ 31 көшеден Сығанақ көшесіне дейін № Е 51 көше;

Е 49 көшесі, Е 67 көшеден Е 22 көшеге дейін;

№ 24 көше, Тұран даңғылынан 102 көшеге дейін;

Бұқар жырау көшесі 37-көшеден Тәуелсіздік даңғылына дейін;

Бұдан басқа, 2021 жылға магистральдық инженерлік желілерді жүргізу жоспарланған:

000150

- су құбыры желісінің құрылысы - 10,7 км.;
- нөсерлік кәріз желісінің құрылысы - 11,6 км.;
- тұрмыстық кәріз желісінің құрылысы - 10,9 км.;
- жылу желісінің құрылысы - 5 км.

2021 жылы бөлінген қаражат шеңберінде (жергілікті бюджеттен – 8,162 млрд. теңге) жалпы ұзындығы 49,51 км 102 көшеге, оның ішінде 26 орталық көше (25,8 км.), 10 тұрғын алабындағы 63 көше (21,21 км.) және әлеуметтік нысандарға апаратын 13 кіреберіс жолдарына (2,69 км.) орташа жөндеу жүргізу жоспарлануда.

Осылайша, қала аумағында қатты жабыны жоқ автожолдар саны 2,4%-ға төмендейді және 9,19%-ды (немесе 79,41 км.) құрайды.

Ағымдағы жылы республикалық бюджеттен 3 160 млн. теңге бөлінді. Бөлінген қаражатқа 6 жоба бойынша:

1. Елорданың шет аймақтарын дамыту бойынша 1 және 2-кезектегі (Оңтүстік-Шығыс ш.а. (сол жағы) инженерлік желілер салу (1 450 млн. теңге);

2. Сыртқы инженерлік желілер. «Интернациональный» ТА, «Мичурино» ТА, 3-кезек-шаруашылық-тұрмыстық кәріздің сыртқы желілері (650 млн. теңге);

3. Қаланың шет аймақтарын дамыту бойынша инженерлік желілерді салу, реконструкциялау. «Достық» ТА (700 млн. теңге);

4. Астана қаласының тұрғын алаптарында жолдар мен инженерлік желілерді салу, қайта құрылымдау. «Комсомольский» ТА – 4-кезек (260 млн. теңге);

5. Астана қаласының тұрғын үй алаптарында жолдар мен инженерлік желілерді салу, реконструкциялау. «Комсомольский» ТА - 2 кезек (100 млн. теңге) жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда

Жергілікті бюджеттен қосымша қажеттілік 1 750 млн. теңгені құрайды.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) елордада автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруда бірқатар кемшіліктер бар екенін атап өтті.

Тұрақты комиссия отырысқа дайындық шеңберінде автомобиль жолдарын салу және жөндеу объектілерін аралады, оның барысында аяқталмаған құрылыс объектілерінің едәуір саны анықталды. Осыған байланысты жұмыстардың аяқталмау себептерін және оларды аяқтау үшін қабылданатын шараларды көрсете отырып, аяқталмаған жобаларға толық талдау жүргізу қажет.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МКК (iКОМЕК109 орталығы) ақпараты бойынша 2021 жылғы 1 қаңтардан 29 сәуірге дейін жол инфрақұрылымы мәселелері бойынша 6 601 оқыс оқиға (шағым) тіркелген. Бұл ретте, оқыс

оқиғалардың 34%-дан астамы «жолдарды, тротуарларды бұлдіру» санатына жатады. Шағымдардың басым бөлігі Пушкин, Үшқоңыр, Бөкейхан, Қорғалжын тас жолы, Қордай, Тұран, Күмісбеков, Сығанақ және Бектұров көшелеріндегі автомобиль жолдарының сапасына қатысты айтылды.

Бұдан басқа, «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалы орындалатын жол-құрылыс жұмыстарының және пайдаланылатын материалдардың сапасына 120 тексеру жүргізу барысында Нұр-Сұлтан қаласының 63 көшесінде 219 материал жинады, оның ішінде 67 сынама – нормативтік талаптарға жауап бермейтін материалдар, одан басқа 57 технологиялық ақаулар анықталды. Нормативтік талаптарға сәйкес келмейтін анықталған ақаулар мен материалдарды түзету мақсатында филиал 62 хат жолдады, олардың алтауына жауап келген жоқ. Жол белгілері мен таңбаларды тексеру барысында мыналар анықталды: 13 көшенің 9-ында сәйкессіздік, сондай-ақ 12 көшенің 10-ында жол белгілері талаптарға сәйкес келмейді.

Отырыс барысында қар тазалау кезіндегі жасанды жол кедір-бұдырларын жою мәселесі атап өтілді. Мәселені шешу үшін қыста жасанды жол кедергілеріне демонтаж жасау ұсынылады.

Депутаттар құрылысты жүргізіп жатқан мердігер белгіленген объектілердің паспорттары көбінесе жоқ болуына, сондай-ақ жолдың жүру бөлігінен қорғалмаған жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі толық көлемде қамтамасыз етілмегеніне назар аударды.

Көшпелі іс-шара барысында тұрақты комиссия жол жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік техникасының бұзылуын атап өтті, осыған байланысты халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бақылауды күшейту қажет.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Елордада автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі жергілікті атқарушы органның жұмысы туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

аяқталмаған құрылыс объектілері бойынша ағымдағы жағдайға және оларды аяқтау бойынша қабылданған шараларға, оның ішінде елорданың тұрғын үй алаптары бойынша жеке талдау дайындау;

іКОМЕК109 қызметіне ең көп шағым түсетін жолдарды жөндеуді бақылауға алу;

автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу жөнінде шаралар қабылдау;

жасанды жол кедір-бұдырларын орнатуға және бөлшектеуге жұмсалатын қаржылық шығыстарды есептеуді жүргізу, сондай-ақ осы

шығыстарды жасанды жол кедір-бұдырларын жаңаларына ауыстыруға жұмсалатын шығыстармен салыстыру;

жол жұмыстарын жүргізу кезінде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бақылауды күшейту;

орындалған жұмыстар бойынша мердігерлердің кепілдік міндеттемелерін орындау тетігін пысықтау;

«Пригородный» тұрғын алабында жол салу және жөндеу туралы ақпарат беру;

елорда әуежайы ауданында жол айрығын су басуды жою бойынша жұмыстар жүргізу;

автомобиль жолдарын салу және жөндеу немесе сенімгерлік басқаруға беру кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін пайдалану перспективаларын талдау;

автомобиль жолдарын салу және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту саласында кадрлар даярлауға қажеттілікті есептеу;

автомобиль жолдарының сапасыз құрылысы үшін тұлғаларды жауапкершілікке тарту бойынша жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат беру;

іКОМЕК109 қызметіне келіп түсетін шағымдарға тұрақты негізде талдау жүргізу, соның негізінде бірінші кезектегі жөндеуді жүргізу;

елордада автомобиль жолдарын салуды, қайта құрылымдауды, жөндеуді және күтіп ұстауды ұйымдастыру жөніндегі жергілікті атқарушы органның жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныстар жіберу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуы туралы ақпаратты қалалық мәслихатқа бір айлық мерзімде ұсыну қамтамасыз етілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының Құрылыс,  
экология, көлік, сауда және  
тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық мәселелері  
жөніндегі тұрақты  
комиссия төрағасы**

**Б. Котырев**